

ЖАРИЯ ШАРТ-ОФЕРТА
Заңды тұлға - «BearLog» ЖШС
(бұдан әрі – Орындаушы)

Осы жария оферта (бұдан әрі – Оферта) Орындаушының және көрсетілетін қызметтерді пайдаланушы – жеке тұлғаның (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) арасында жасалған, Орындаушының ресурстарын пайдалана отырып қызметтерді сатып алу және қызмет көрсету шарттарын айқындайтын Шарт болып табылады.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Орындаушы осы Офертаны Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР АҚ) 395, 396 және 447-баптарына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға ұсыныспен жариялайды.
- 1.2. Осы Оферта, кез келген Шарт сияқты, Орындаушы мен Тапсырыс берушінің (Офертаны акцепттеген тұлғаның) арасындағы өзара іс-қимылдың маңызды шарттарын анықтайды.
- 1.3. Осы Оферта Орындаушы мен Тапсырыс берушінің арасында қызмет көрсетуге тапсырыс ресімделген кезде жасалады.
- 1.4. Офертаны bearlog.kz сайтында көрсетілген қызметтер тізбесіне сәйкес Орындаушы көрсететін қызметтерге тапсырыс беруге (сатып алуға) ниет білдірген Қазақстан Республикасы аумағындағы кез келген жеке немесе заңды тұлға қабылдай алады.
- 1.5. Тапсырыс беруші жалпы Офертада қамтылған барлық шарттарды сөзсіз қабылдайды (яғни, толық және ерекшеліксіз).
- 1.6. Осы Офертаның шарттарын қабыл алған жағдайда жеке немесе заңды тұлға Тапсырыс берушіге айналады.
- 1.7. Орындаушының жеке немесе заңды тұлғаның осы Офертада ұсынылған шарттармен қызметтерге тапсырыс беруге ниеті туралы хабарламаны алуы Акцепт болып табылады.
- 1.8. Оферта, оған барлық өзгерістер, қосымшалар, сондай-ақ Орындаушының көрсететін қызметтері туралы барлық қосымша ақпарат bearlog.kz сайтында жарияланған.

2. ОРЫНДАУШЫ САЙТЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ

- 2.1. Сайт Орындаушының меншігі болып табылады және интернет желісі арқылы қызметтерді қашықтан сату әдісін ұйымдастыруға арналған.
- 2.2. Офертаны акцепттеп (яғни, Орындаушының сайтында ресімделген тапсырыс үшін төлемді жасап) Тапсырыс беруші bearlog.kz сайтында орналастырылған Орындаушының Қызмет көрсету туралы шартында көрсетілген шарттармен және тәртіппен қызметтерді алады.
- 2.3. Тапсырыс беруші Орындаушының сайтында тапсырысты ресімдеген кезде берген ақпараттың мазмұны мен анықтығы үшін Орындаушы жауапкершілік көтермейді.

3. ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ МӘРТЕБЕСІ

- 3.1. Тапсырыс беруші тапсырысты ресімдеу кезінде берген ақпараттың анықтығына және оның үшінші тұлғалардың кінәрат-талаптарынан тазалығы үшін жауапкершілік көтереді.
- 3.2. Тапсырыс беруші тапсырысты ресімдеген кезде «Мен Шарттың талаптарын толық оқып шықтым, Шарттың барлық талаптары маған түсінікті, Шарттың барлық талаптарына келісемін» бағанына белгі қою арқылы осы Офертада белгіленген талаптарға келісетінін растайды.
- 3.3. Тапсырыс беруші берген ақпарат құпия болып табылады. Тапсырыс беруші өзінің дербес деректерін ұсыну, сайтта тіркелу немесе өтінімді толтыру арқылы пайдаланушы келісімін орындау мақсатында өзінің дербес деректерін өндеуге келісімін береді. Орындаушы Тапсырыс беруші туралы ақпаратты тек Орындаушының қызмет етуі мақсатында ғана (Тапсырыс берушінің тапсырыстың орындалғаны туралы хабарлама жіберуі және т.б.) және осы Офертада көрсетілген жағдайларда пайдаланады.
- 3.4. Тұтынушы қызметтерді кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке, отбасылық, үйшілік қажеттіліктері үшін ғана сатып алады. Орындаушының сайтын (ресурсын) қызметтерді қарау және таңдау, сондай-ақ тапсырысты ресімдеу үшін пайдалану Тапсырыс беруші үшін тегін болады.

4. ОФЕРТАНЫҢ МӘНІ

- 4.1. Орындаушы Тапсырыс берушінің тапсырыстары негізінде соңғысына көрсетілетін қызметтерді Орындаушы сайтта белгілеген шарттарға сәйкес және бағамен сатады.
- 4.2. Тапсырыс беруші тапсырыс берген және ақысын төлеген қызметтерді Орындаушы немесе өзінің міндеттемелерін орындау үшін Орындаушы тартатын үшінші тұлғалар көрсетеді.
- 4.3. Тапсырыс беруші мен Орындаушының арасындағы қатынастарға ҚР АҚ, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚРЗ ережелері, сондай-ақ осы Офертада көрсетілген Тараптардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері қолданылады.
- 4.4. Жеке немесе заңды тұлға Тапсырыс берушінің Орындаушы ұсынған шарттармен қызметтерге тапсырыс беру ниетін Орындаушы алған кезден бастап Офертаның және оған қосымшаның барлық шарттарын толық көлемде және ерекшеліксіз қабылдаған (акцепт) болып есептеледі. Офертаны акцепттеген жағдайда жеке немесе заңды тұлға Орындаушымен Қызмет көрсету шартын жасасқан болып есептеледі және Тапсырыс беруші мәртебесіне ие болады.

5. САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Тапсырыс беруші Орындаушының сайтында өз бетінше немесе сайтта көрсетілген телефонға хабарласып Орындаушының маманы арқылы Қызмет көрсету шартының талаптары бойынша тапсырысты ресімдей алады.
- 5.2. Орындаушының сайтында тапсырыс ресімдеу кезінде Тапсырыс беруші келесі деректерді көрсетуге міндетті:
 - Т.А.Ә., ЖСН (жеке тұлғалар үшін) немесе толық атауы, БСН (заңды тұлғалар үшін);
 - Тауарды жеткізетін мекенжай;
 - Тапсырыс берушінің байланыс телефоны және электрондық пошта адресі.
- 5.3. Тапсырыс берушінің ерік білдіруі Орындаушының сайтындағы тапсырыс беру нысанына тиісті деректерді енгізу немесе ақпараттық-телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, Орындаушының маманы арқылы немесе электронды пошта (e-mail) арқылы өтінім беру жолымен жүзеге асырылады.
- 5.4. Орындаушы Тапсырыс беруші туралы ақпаратты өңдемейді.
- 5.5. Қызмет көрсету шартының қағаздағы нұсқасын алу үшін Тапсырыс беруші электронды поштаға немесе Орындаушының сайтында көрсетілген телефонға хабарласып Орындаушының маманымен келісілген басқа тәсілмен өтінім жібереді.

6. ТАУАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

- 6.1. Орындаушының қызметтері туралы ақпарат Орындаушының меншігі болып табылатын графикалық кескіндер мен ақпарат арқылы Орындаушының сайтында көрсетіледі.
- 6.2. Әрбір графикалық кескінге қызметтердің атауы, бағасы және сипаттамасы көрсетілген мәтіндік ақпарат қоса беріледі.
- 6.3. Орындаушының сайтында ұсынылған барлық ақпараттық материалдар анықтамалық сипатқа ие және қызметтердің қасиеттері мен сипаттамалары туралы ақпаратты толық бермейді. Тапсырыс берушіде қызметтердің қасиеттері мен сипаттамаларына қатысты сұрақ туындаған жағдайда Тапсырыс беруші тапсырысты ресімдемес бұрын сайтта көрсетілген телефондар бойынша Орындаушының маманына хабарласуы керек.
- 6.4. Орындаушының маманы Тапсырыс берушінің өтініші бойынша қызметтерге тапсырыс беру туралы шешім қабылдау үшін Тапсырыс берушінің көзқарасы бойынша қажетті және жеткілікті ақпаратты (телефон немесе электрондық пошта арқылы) беруге міндетті.

7. ҚЫЗМЕТТЕРДІ САТЫП АЛУ (ТАПСЫРЫС БЕРУ) ТӘРТІБІ

- 7.1. Тапсырыс беруші Орындаушының сайтында көрсетілетін қызметтердің кез келген түріне тапсырыс ресімдеуге құқылы. Қызметтің әр түрінің кез келген көлеміне тапсырыс беруге болады. Бұл ережеден ерекшеліктер әрбір қызмет түрінің сипаттамасында көрсетілген.
- 7.2. Тапсырыс беруші сайтта көрсетілген телефон нөмірлері бойынша тапсырысты ресімдей алады немесе сайтта өз бетінше ресімдей алады.
- 7.3. Тапсырысты ресімдегеннен кейін Орындаушы қызметтердің атауын, түрін және сипаттамаларын көрсете отырып, тапсырыстың жалпы сомасын көрсете отырып Тапсырыс берушіге e-mail арқылы тапсырыстың қабылданғанын растайтын ақпаратты жолдау арқылы

- Тапсырыс берушінің тапсырысын растайды немесе Орындаушының маманы қызметтердің қажетті сипаттамаларын нақтылау үшін телефон арқылы Тұтынушыға хабарласады.
- 7.4. Орындаушының сайтында ұсынылған қызметті көрсету мүмкін болмаған жағдайда соңғысының маманы бұл туралы Тапсырыс берушіге (телефон немесе электрондық пошта арқылы) хабарлауға міндетті.
- 7.5. Қызмет көрсету мерзімі Тараптардың келісімімен белгіленеді және/немесе Орындаушының сайтында орналастырылған Қызмет көрсету шартында айқындалады.

8. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БАҒАСЫ

- 8.1. Орындаушының сайтында көрсетілген баға Қазақстан Республикасының теңгесімен көрсетілген.
- 8.2. Сайтта көрсетілген бағаны Орындаушы біржақты тәртіппен өзгерте алады, осы орайда Тапсырыс беруші тапсырыс берген және ақысын төлеген қызметтердің бағасын өзгертуге болмайды.
- 8.3. Орындаушының сайтында тапсырыс беру кезінде Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтердің құны «Төлем» бөлімінде көрсетілген.

9. ҚЫЗМЕТ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ

- 9.1. Төлем жасаудың әдістері мен тәртібі сайттағы «Төлем» бөлімінде көрсетілген. Қажет болған жағдайда тапсырыстың ақысын төлеу тәртібі мен шарттарын Тапсырыс беруші Орындаушының маманымен келіседі.
- 9.2. Қолма-қол ақшамен төлем жасаған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушының өкіліне ақшаны табыстау жолымен Тапсырыс берушіге қызметтердің ақысын төлеуге шот ұсынылған және берілген кезде Орындаушыға тапсырыстың бағасын төлеуге міндетті.
- 9.3. Қолма-қол ақшасыз төлем жасау ресімделген шот бойынша осындай шот берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Ақшалай қаражат Орындаушының шотына түскеннен кейін Орындаушының маманы Тапсырыс берушімен қызмет көрсету мерзімін келіседі. Төлем қолма-қол ақшасыз жасалған кезде Тапсырыс берушінің тапсырыс бағасын төлеу жөніндегі міндеттемесі тиісті ақшалай қаражат Орындаушы көрсеткен банк шотына түскен кезден бастап орындалды деп есептеледі.
- 9.4. Тапсырыс беруші тапсырыстың ақысын Орындаушының сайтында қолжетімді кез келген тәсілмен төлейді.
- 9.5. Тапсырыстың ақысын төлеу кезінде Тараптардың есеп айырысуы Қазақстан Республикасының теңгесімен жүзеге асырылады.

10. ТАУАРДЫ ҚАЙТАРУ

- 10.1. Тапсырыс беруші «ҚР тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚР заңында көзделген тәртіппен және шарттармен көрсетілетін қызметтерден бас тартуға құқылы.
- 10.2. Тапсырыс берушінің тиісті түрде орындалған (көрсетілген) қызметтерден бас тартуға құқығы жоқ.
- 10.3. Тапсырыс беруші көрсетілетін қызметтерден бас тартқан жағдайда Орындаушы Орындаушының шығынын қоспағанда, Орындаушыға шартқа сәйкес төленген соманы Тапсырыс берушіге қайтарады.

11. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 11.1. Тараптар ҚР заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.
- 11.2. Орындаушы Орындаушының сайтында тапсырыс берілген қызметтердің нәтижесін дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде Тапсырыс берушіге зиян келгені үшін жауапкершілік көтермейді.
- 11.3. Тараптар еңсерілмейтін жағдай болған мерзімге Оферта бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

12. БАСҚА ТАЛАПТАР

- 12.1. Тапсырыс беруші мен Орындаушының арасындағы қатынастарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар қолданылады.

- 12.2. Қажет болған жағдайда Орындаушы мен Тапсырыс беруші кез келген уақытта осы Офертаның ережелеріне қайшы келмейтін жазбаша екіжақты келісім нысанында қызмет көрсету шартын жасауға құқылы.
- 12.3. Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір сұрақ немесе кінәрат-талап туындаған жағдайда соңғысы Орындаушыға, соның ішінде Орындаушының сайтында белгіленген, Орындаушының орналасқан мекенжайы бойынша: ҚР, ШҚО, инд.071300, Риддер қ., Мұхтар Әуезов к-сі, 5-үй, 57-пәтер және/немесе too.berloga@mail.ru электрондық пошта адресіне және/немесе +7 771 358 0596 телефон нөміріне хабарласуы керек.
- 12.4. Осы Оферта Тапсырыс беруші оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін жарамды болады.
- 12.5. Тараптар осы Оферта бойынша міндеттемелерін орындау кезінде туындайтын барлық дау мен келіспеушілік келіссөз жолымен шешіледі, ал оны келіссөз арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда Тараптар мұндай дауды шешу үшін Орындаушының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының сот органдарына жүгінуге құқылы.
- 12.6. Орындаушы өзінің ұйғаруы бойынша сайттағы қызметтердің жалпы ұсынысын кеңейту және қысқарту, кез келген қызметтерге тапсырыс беру мүмкіндігін реттеу, сондай-ақ кез келген қызметті сатуды тоқтата тұру немесе тоқтату құқығын өзінде қалдырады.

13. ОРЫНДАУШЫНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Атауы: «BearLog» ЖШС

Занды мекенжайы: ҚР, ШҚО, инд. 071300, Риддер қ., Мұхтар Әуезов к-сі, 5-үй, 57-пәтер

БСН: 230940042639

теңгемен е/ш: KZ31551F127002188KZT

рубльмен е/ш: KZ31551F127000581RUB

банк: «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ

БСК: KSNVKZKA

Банк БСН: 090740019001

ЖКҰЖ: